# Грамматикалық категориялар

Грамматикалық категория грамматикалық мағынамен, грамматикалық формамен тығыз байланысты.

1. Грамматикалық мағына грамматикалық категорияның элементі ретінде өмір сүреді, соның құрамына кіреді.

2. Қандай да бір грамматикалық категория болсын, ол кемінде екі түрлі формада көрінуі мүмкін.

Грамматикалық категория біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады.

Грамматикалық категориялардың көпшілігі белгілі бір сөз таптарына телулі болады. М.: род,септік, көптік категориялары есімдерге тән болса, жақ, шақ, рай, етіс категориялары етістіктерге қатысты.

1. **Ой салу кезеңі.**
2. **Ойлану кезеңі.**
3. **Рефлексия кезеңі.**



Шақ категориясы. Бұл – етістіктерге тән категория. Өйткені іс-әрекет уақытпен тығыз байланысты.

Рай категориясы. Бұл да етістіктерге тән. Ол іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігіне сөйлеушінің қалай қарайтындығын білдіреді.



Етіс категориясы – етістікке тән. Ол іс-әрекеттің объектіге немесе субъектіге бағытталғандығын білдіреді.

Грамматикалық категория –
біртектес грамматикалық
формалардың жиынтығы.
Грамматикалық категориялар:
көптік, септік, родтық, жақ, шақ,
рай, етіс, вид категориялары.



